

**Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен әдіскерлеріне арналған
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске
асыру» біліктілікті арттыру курсының
білім беру бағдарламасы
(қазақ және орыс тілдерінде)**

1. Жалпы ережелер

Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту бойынша жүйелі шаралар кешені іске асырылуда.

2021 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15 наурыздағы №137 қаулысымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі - Модель) бекітілді.

Бүгінгі күні жаңа Моделді іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт), Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) мазмұны қайта қаралып бекітілді.

Бүгінгі таңда қазіргі заманғы әлемдік тенденциялар педагогтердің әр баланың толыққанды дамуына жағдай жасауға бағытталғандығын көрсетеді, сәйкесінше, әр баланы дамыту, тәрбиелеу және оқыту процестерінде жеке тұлғалық дамуға бағытталған бағдарламаларға артықшылық беру керектігін көрсетеді.

Білім беру бағдарламасының өзектілігі- ол педагогикалық ізденіске белсенді қатысу үшін педагогтің ойлау қабілетін өзгерту, балалармен өзара қарым-қатынас жасаудың жаңа тәсілдерін игеру, дәстүрден тыс педагогикалық міндеттерді шешу, тәрбие мен оқыту процесіне шығармашылықпен қарау, нәтижені болжау, кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру және Үлгілік бағдарламаның мазмұнын жүзеге асыру болып табылады.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын мазмұнын іске асыру» білім беру бағдарламасы әлемдік трендтер (*мультидисциплинарлық, пәнаралық, трансдисциплинарлық; балаға тәрбиелеу мен оқытудың бағдарлануы*), ұлттық құндылықтар мен халықаралық тәжірибені ескере отырып, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес әзірленді.

Білім беру бағдарламасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары, балалардың түрлі әрекеттері арқылы тәрбиленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және

жеке қасиеттерін дамыту қарастырылған, сонымен қатар ата-аналар қауымын мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу - білім беру процесіне тартуды көздейді.

Бұл білім беру бағдарламасы ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 ж. №384 бұйрығына сәйкес әзірленді және мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері мен педагогтерінің кәсіби-тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған.

2. Глоссарий

Үлгілік оқу бағдарламасы - мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізінде әзірленетін, үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу мазмұны, көлемі мен оқу тәртібі айқындайтын, негізгі білім, білік, дағдылар мен құзыреттер шеңберін нақтыланатын, Қазақстан Республикасының Білім беру саласындағы уәкілетті органы бекітетін құжат.

Педагог - тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе басқа да кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту мен тәрбиелеу, әдістемелік қамтамасыз ету немесе оқу қызметін ұйымдастыру саласындағы педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асыратын адам.

Дамытушы орта - бұл балалар бастамасын қолдау үшін жоспарланған, заттар мен ойыншықтарға еркін қол жетімділікті және сабақтарды өз бетінше таңдауға және күні бойы өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін әртүрлі материалдары бар орта.

Баланың тұтас дамуы – баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі, қозғалыс белсенділігі, пайдалы және толыққанды тамақтану, достық қарым-қатынас және даму ортасын ұйымдастыру үшін жағдай жасау арқылы қамтамасыз ететін орта;

Құзыреттілік - маманның (қызметкердің) кәсіби міндеттердің белгілі бір класын шешуге жеке қабілеті.

Жас топтарындағы білім беру процесін жоспарлау - бұл барлық білім беру ұйымдары үшін мектепке дейінгі ұйымның негізгі типтік бағдарламасына сәйкес жоспарлау.

Мектепке дейінгі ұйымдарда даму процесін ұйымдастыру - бұл педагогтің балалармен және балалар арасындағы өзара әрекеттесуі үшін ойын қызметін ұйымдастыру уақыты, күнделікті тәжірибеде күтім жасау уақытын ұйымдастыру, ата-аналарды мектепке дейінгі ұйымда күнделікті тәжірибеге тарту.

Сапалы маңызды өзара іс-әрекет – тәрбиешінің әр баламен жеке қарым-қатынасы, баланың қызметіне шынайы қызығушылық танытып, оның пікірін білдіру, тыңдау, қолдау көрсету, балаға жылы қарым-қатынасты көрсету.

Ата-ана дағдылары - баланың дене, интеллектуалдық және эмоциялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, оның әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге, тиісті мінез-құлықты қалыптастыруға қажетті дағдылар. Ата - аналар

мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыруда серіктес болып табылады.

3. Бағдарлама тақырыптары

1-Модуль Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары	1.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету: - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; - Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (2021 жылғы 15 наурыздағы №137 ҚРҰҚ); - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 03.08.2022 ж. № 348 бұйрығы); - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспары (ҚР ОАМ 09.09.2022ж. № 394 бұйрығы); - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР ОАМ 14.10.2022 ж. № 422 бұйрығы); - Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР ОАМ 31.08.2022 ж. № 385 бұйрығы). 1.2. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі педагог: - «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; - Педагогикалық әдеп қағидалары (ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы). 1.3. Педагогтерді психологиялық сүйемелдеу.
2-Модуль Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру	2.1. Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау және әдістемелік көмек көрсету (балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау; қауіпсіз заттық дамытушы ортасын құру, қызығушылық орталықтарына бөлу; перспективалық жоспарлар мен циклограммалар жасау; балалар әрекеттерінің негізгі түрлеріне басшылық жасау; тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысатын мектепке дейінгі ұйымның басқа қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасау (дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы, музыкалық жетекші, дефектолог, психолог, медицина қызметкері). 2.2. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру мен педагогтердің жұмысын үйлестіру (күн тәртібі; ұйымдастырылған іс-әрекеттер, балалардың түрлі әрекеттері, оқытудың техникалық құралдарын және компьютерлік техниканы пайдалану). Әдіскерлердің тәрбиелеу-білім беру процесіне бақылау жасауы және әдістемелік көмек көрсетуі (ашық есік күндері, ертеңгіліктер, балалардың түрлі әрекеттері, озат тәжірибені жинақтау және тарату, «Үздік педагог», «Үздік әдіскер» байқауларына дайындау). 2.3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұның игеру бойынша мониторинг жүргізу және әдістемелік сүйемелдеу (тәрбиеленушілердің даму деңгейлерін анықтау, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын балалардың игеруін бақылау; баламен жүргізілетін жеке жұмыстың мазмұнын айқындау;

	балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау).
3-Модуль Балалардың түрлі әрекеттері арқылы тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту	3.1. Физикалық дамыту Тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттерін және топпен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту. Балалардың физикалық белсенділігі: - таңертенгі жаттығу; - сергіту сәттері; - еркін ойын; - серуен; - қимылды ойындар, ұлттық ойындар; - сауықтыру-шынықтыру шаралары; - мәдени-гигиеналық дағдылар.
	3.2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыру, балалар көркем әдебиет арқылы Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру, ауызекі байланыстырып сөйлеу, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді. Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету: - сюжетті-рөлдік ойындар; - театрландырылған ойындар; - балаларға кітап оқып беру; - мобильді кітапхана.
	3.3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Сенсорлық эталондар, қарапайым математикалық ұғымдар мен түсініктер туралы түсініктерді қалыптастыру; сындарлы іс-әрекет тәсілдерін игеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу, ұлттық мәдениетті құрметтеу жөніндегі міндеттерді шешу. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету. Балалармен бақылаулар (ауа райы, өсімдіктер, жануарлар), қарапайым тәжірибелер, танымдық, зерттеу, еңбек әрекеттерін ұйымдастыру, қоршаған ортамен таныстыру.

	3.4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу үшін шығармашылық қиялды, эмоционалды-сезімтал саланы, дүниетанымды, ойлауды, көркемдік-эстетикалық талғамды дамытуға жағдай жасау. Балалардың шығармашылық дағдылары мен зерттеу қызметін дамыту бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету. Балалардың дәстүрден тыс бейнелеу әрекетін ұйымдастыру (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, көркем музыкалық әрекеттерін ұйымдастыру). 3.5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды әлеуметтендіру жөніндегі міндеттерді шешу, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасы, қоғам және мемлекет дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша педагогтарға әдістемелік көмек көрсету. Демалыс орны және балалардың оңаша ойнауына арналған үйшікті ұйымдастыру.
4-Модуль. Мектепке дейінгі ұйымның отбасымен өзара ынтымақтастығы	4.1 Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу –білім беру процесіне ата-аналарды тарту: - ата-аналармен бірге мерекелерді, ойын-сауықтарды өткізу; - спорттық шаралар; - мектепке дейінгі ұйымның заттық-дамытушы ортасын құруға баулу; - балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулуда отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру. 4.2 Ата-аналар институты жұмысын ұйымдастыру: - «Ата-аналар мектебі», «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі»; - балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша кеңес беру; - ата-аналармен жұмыс бойынша мектепке дейінгі ұйым сайтының жұмысын жандандыру.
5-Модуль Вариативтік мазмұн	5.1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасын тиімді іске асыру: - заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру; - тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру; - әдістемелік жұмысты ұйымдастыру; - тәрбиелеу –білім беру процесіне ата-аналарды тарту. 5.2. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби құзыреттілігін өзіндік бағалауы.

Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен әдіскерлеріне арналған
«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын

іске асыру» **біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасының жаңашылдық дәрежесі** – білім беру бағдарламасының баламасының болмауы, сондай-ақ бағдарламаның мазмұны педагогтің тәрбие-білім беру процесінің фасилитаторы ретінде оның дамуын, балаларды тыңдай білу және есту, сұрақтар қою, дәлелдемелер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық тәжірибелер өткізуге бағытталуы.

Білім беру бағдарламасында:

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда әлемдік трендтер, ұлттық құндылықтар мен халықаралық тәжірибе ескерілген;
- мектепке дейінгі ұйымдардың ұсынатын қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагог пен әдіскердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру көзделген;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын табысты іске асыру үшін мақсат, міндеттер және күтілетін нәтижелер ұсынылған;
- балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастырудың әдістері мен формалары қамтылған;
- «педагог-тәрбиеленуші-ата-ана» *(халықаралық тәжірибеге сай)*, бірлескен іс-әрекеті мен әріптестігі қарастырылған.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты – Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын іске асыруда балалармен жұмыс жүргізудің жаңа формалары мен әдістерін қолдану үшін мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері мен әдіскерлерінің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) жұмыс барысында мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді қолдану;
- 2) мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құру;
- 3) балалардың қызығушылықтары бойынша ойын түрінде балалар әрекетінің түрлерін ұйымдастыру және өткізу;
- 4) тәрбиелеу-білім беру процесін әдістемелік сүйемелдеу;
- 5) мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;
- 6) балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулуда отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;
- 7) мектепке дейінгі ұйымдардың ұсынатын қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.

Күтілетін нәтижелер:

- 1) жұмыс барысында мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді қолданады;
- 2) мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін заттық-кеңістіктік дамытушы орта ұйымдастырады;
- 3) балалардың қызығушылықтары бойынша ойын түрінде балалар әрекетінің түрлерін ұйымдастырады және өткізеді;
- 4) тәрбиелеу-білім беру процесіне әдістемелік қолдау көрсетеді;
- 5) ата-аналар қауымдастығымен ынтымақтастық орнатады;
- 6) кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 5 модульден тұрады:

- 1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары
- 2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру
- 3) Балалардың түрлі әрекеттері арқылы тәрбиленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту
- 4) Мектепке дейінгі ұйымның отбасымен өзара ынтымақтастығы
- 5) Вариативтік мазмұн

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Курстар тақырыптық - оқу жоспарына (бұдан әрі – ОТЖ) сәйкес күндізгі, қашықтан және тәжірибеге бағытталған оқыту түрінде ұйымдастырылады. Курс (күндізгі, қашықтықтан) ұзақтығы 72 сағатты құрайды.

Педагогтердің білімін бақылау және бағалау мақсатында күндізгі режимдегі білім беру процесін ұйымдастыру кезінде: теориялық, практикалық және мектепке дейінгі ұйым базасында немесе құзыреттілік орталықтарындағы сабақтар кестесі, жоба қорғау, қорытынды тестілеу жүргізіледі. Теориялық сабақтардың мазмұны, практикалық сабақтарға арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жобалау жұмыстарының тақырыптары оқу-әдістемелік кешен мазмұнына (бұдан әрі – ОӘК) енгізілген.

Курс қашықтықтан ұйымдастырылғанда жоспарланған практикалық сабақтар мазмұны тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарын орындаумен алмастырылады.

Білім беру процесі оқытудың белсенді, дәстүрлі және интерактивті формалары мен әдістерін қамтиды.

Педагогтерге өткен материалды игеру мен бекіту үшін курс материалдары, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйым базасында немесе құзыреттілік орталықтарындағы сабақтар ұсынылатын тәжірибеге

бағдарланған оқыту ұсынылады.

Педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін тренерлер курстың оқу-әдістемелік кешеніне Бағдарлама мазмұнын бағалау критерийлері мен меңгеру параметрлерін әзірлеп, енгізілетін болады.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаны іске асырудың ұйымдастырушылық-педагогикалық шарттары мен дидактикалық тәсілдері.

Оқытуды құру принциптері:

- оқытудың жүйелілігі;
- оқытудың интерактивтілігі;
- оқыту мазмұнының мектепке дейінгі ұйым әдіскері мен педагогінің кәсіби құзыреттілігін дамыту саласындағы өзекті мәселелерге сәйкестігі;
- оқу материалдарында мазмұндық динамикасы, бірізділігі;
- курстың тәжірибеге бағдарлануы;
- оқу материалдарының педагогикалық қызметпен байланысы;
- курс мазмұнының тыңдаушыға бағдарлануы.

Бағдарламаны іске асыруда қолданылатын білім беру технологиялары:

- оқытуда ситуациялық тәсілді қолдану (ситуациялық есептерді шешу, нақты жағдайларға арналған шығармашылық тапсырмаларды орындау);
- оқытудың әртүрлі формаларының үйлесуі (аудиториялық теориялық және практикалық сабақтар, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесіндегі дуальдық оқыту);
- даму дәрежесінің біліктілігін анықтайтын бағалау материалдарын пайдалану (қорытынды тапсырманың орындалуын бағалау критерийлерін сипаттау үшін айдарды пайдалану);
- оқыту барысында тыңдаушыларды өзара байланысты оқу, әдістемелік және оқытушылық қызметке бағдарлау (шағын топтардағы жұмыс, «ой талқысы/ миға шабуыл», жұмыс нәтижелерін көпшілік алдында қорғау, кластерлер, менталды карталар әзірлеу).

Оқытудың әдістемелік құралдары:

1) оқу-әдістемелік материалдар (оқулықтар, оқу құралдары, практикумдар, мерзімді басылымдар, үлестірме материалдар, нормативтік құжаттама және т. б.);

2) оқыту процесінде мынадай әдістер пайдаланылады:

- шағын топтарда жұмыс істеу;
- пікірталас;
- ситуациялық міндеттерді шешу;
- «миға шабуыл»;
- жұмыс нәтижелерін көпшілік алдында таныстыру.

1-Модуль. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары

Модульдің өзектілігі.

Модуль тыңдаушыларды нормативтік-құқықтық актілермен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен қағидаттарын таныстырады.

Модуль Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде педагогикалық процесті ұйымдастырудың ерекшеліктерін түсіндіреді. Мектепке дейінгі білім берудің нормативтік құқықтық актілерін білуде педагогтер мен әдіскерлердің кәсіби-жеке құзыреттерінің қажетті деңгейін дамыту.

Модуль міндеттері:

1) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындау;

2) мектепке дейінгі ұйымдардың әдіскерлері мен педагогтерінің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді қарастыру;

3) мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-білім беру процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

Күтілетін нәтижелер:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын біледі;

2) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің нормативтік құқықтық актілері шеңберінде тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асырады.

2-Модуль. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру

Модульдің өзектілігі

Модульдің мазмұны әдіскерлер мен педагогтерді педагогикалық ізденіске белсенді қатысуға, балалармен өзара қарым-қатынас жасаудың жаңа тәсілдерін игеруге, дәстүрден тыс педагогикалық міндеттерді шешуге, нәтижені болжай отырып, тәрбие мен оқыту процесіне шығармашылық көзқарасқа, өзінің кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру және Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру үшін түсініктерін кеңейтуге бағыттайды.

Модуль мыналарға: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін заттық-кеңістіктік дамытушы орта құруға; балалардың қызығушылықтары бойынша ойын түрінде балалар әрекетінің түрлерін ұйымдастыру және өткізуге; тәрбиелеу-білім беру процесін әдістемелік сүйемелдеуге бағытталған.

Модуль міндеттері:

1. тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау;

2. тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және педагогтердің жұмысын үйлестіру;

3. әдістемелік көмек көрсету;

4. тәрбиеленушілердің даму деңгейіне мониторинг жүргізу және оны әдістемелік қолдау.

Күтілетін нәтижелер:

1. тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлайды және әдістемелік көмек көрсетеді;
2. тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырады және педагогтердің жұмысын үйлестіреді;
3. мониторинг жүргізеді және оны әдістемелік қолдайды.

3-Модуль. Балалардың түрлі әрекеттері арқылы тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту

Модульдің өзектілігі:

Модульдің мазмұны педагогтердің Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру үшін жағдай жасауға бағытталған.

Модуль түрлі балалар әрекеттері арқылы тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту үшін Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын сәтті жүзеге асыруға бағытталған.

Бағдарлама мыналарға:

дені сау баланы тәрбиелеу, өз денсаулығына саналы көзқарасты, салауатты өмір салтының негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

ауызша сөйлеу, сөздік қорын қалыптастыру, әртүрлі өмірлік жағдайларда қарым-қатынас дағдыларын игеру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту;

тәрбиеленушілердің сыртқы әлеммен өзара іс-қимыл жасау үшін қажетті танымдық және зерттеу қызметінің қарапайым дағдыларын меңгеруі;

өнер туындыларын қабылдау және түсіну дағдылары мен дағдыларын, қоршаған әлемді эмоционалды тануды қалыптастыру, оқушылардың өзіндік шығармашылық қызметіне жағдай жасау;

тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасы, қоғам және мемлекет дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру;

оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі қағидаттарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Модуль міндеттері:

1. түрлі балалар әрекетін кіріктіру арқылы ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ойын түрінде ұйымдастыру және өткізу;
2. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру бойынша балалармен жұмыс жүргізудің жаңа формалары мен әдістерін қолдану;

3. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру бойынша әдістемелік қолдау көрсету.

Күтілетін нәтижелер:

1. түрлі балалар әрекетін кіріктіру арқылы ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ойын түрінде ұйымдастырады және өткізеді;
2. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру бойынша балалармен жұмыс жүргізудің жаңа формалары мен әдістерін қолданады;
3. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру бойынша әдістемелік қолдау көрсетеді.

4-Модуль. Мектепке дейінгі ұйымның отбасымен өзара ынтымақтастығы

Модульдің өзектілігі.

Баланың өмірі мен тәрбиесінің қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету, толыққанды, үйлесімді тұлғаны қалыптастыру үшін екі әлеуметтік институт: мектепке дейінгі ұйым мен отбасының тығыз байланысын, өзара біріккен іс-әрекетін нығайту және дамыту қажет.

Модульде қоғамдық, отбасылық тәрбиенің жалпы ұтымды, ұтымсыз жақтары, сондай-ақ Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда өзара біріккен іс-әрекеттері айқындалады.

Модуль міндеттері:

- 1) Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу –білім беру процесіне ата-аналарды тарту;
- 2) балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулуда отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;
- 3) ата-аналарға балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету.

Күтілетін нәтижелер:

- 1) мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу –білім беру процесіне ата-аналарды тартады;
- 2) Ата-аналар институты «Ата-аналар мектебі», «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі» жұмысына қызығушылық артады;
- 3) ата-аналармен жұмыс бойынша мектепке дейінгі ұйым сайтының жұмысы жанданады.

5-Модуль. Вариативті мазмұн

Модульдің өзектілігі:

Модуль тыңдаушының жеке білім алу траекториясын құруы үшін жағдай жасау, оның құрамдас бөлігі ретінде оқу кестесі шеңберінде оның

кәсіби сұраныстары мен тәуелсіздігін қанағаттандыратын вариативті мазмұн болып табылады.

Сондай-ақ, модуль рефлексивті диагностикалық деңгейді қамтиды.

Модуль міндеттері:

- 1) тыңдаушылардың кәсіби қызметіндегі проблемаларды анықтау;
- 2) білім беру бағдарламасының мазмұнын игеру деңгейін анықтау.

Күтілетін нәтижелер:

- 1) кәсіби қызметтегі мәселелер бойынша рефлексия құрады;
- 2) білім беру бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін бағалайды.

Курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Сабақ тақырыптары	Теориялық сабақтар	Тестілеу	Практикалық сабақтар		Көшпелі сабақтар	Жоба қорғау	Барлығы
1	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары.	7	1	6				14
1.1	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету: - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; - Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (2021 жылғы 15 наурыздағы №137 ҚРҰҚ); - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 03.08.2022 ж. № 348 бұйрығы); - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспары (ҚР ОАМ 09.09.2022ж. № 394 бұйрығы); - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР ОАМ 14.10.2022 ж. № 422 бұйрығы); - Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР ОАМ 31.08.2022 ж. № 385 бұйрығы)	3	1					4
1.2	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі педагог: - «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;	2						2

	- Педагогикалық әдеп қағидалары (ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы).							
1.3	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жүзеге асыруда педагогтерді педагогикалық және психологиялық сүйемелдеу.	2		6				8
2	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру.	5		5		2		12
2.1	Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау және әдістемелік көмек көрсету (балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау; қауіпсіз заттық дамытушы ортасын құру, қызығушылық орталықтарына бөлу; перспективалық жоспарлар мен циклограммалар жасау; балалар әрекеттерінің негізгі түрлеріне басшылық жасау; тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысатын мектепке дейінгі ұйымның басқа қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасау (дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы, музыкалық жетекші, дефектолог, психолог, медицина қызметкері).	2		2				4
2.2.	Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру мен педагогтердің жұмысын үйлестіру (күн тәртібі; ұйымдастырылған іс-әрекеттер, балалардың түрлі әрекеттері, оқытудың техникалық құралдарын және компьютерлік техниканы пайдалану) Әдіскерлердің тәрбиелеу-білім беру процесіне бақылау жасауы және әдістемелік көмек көрсетуі (ашық есік күндері, ертеңгіліктер, балалардың түрлі әрекеттері, озат тәжірибені жинақтау және тарату, «Үздік педагог», «Үздік әдіскер» байқауларына дайындау).	2		1		2		5
2.3.	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұның игеру бойынша мониторинг жүргізу және әдістемелік сүйемелдеу (тәрбиеленушілердің даму деңгейлерін анықтау, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мазмұнын балалардың игеруін бақылау; баламен жүргізілетін жеке жұмыстың мазмұнын айқындау; балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау).	1		2				3
3	Балалардың түрлі әрекеттері арқылы тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту.	5		15		11		31
3.1	Физикалық дамыту Тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене	1		3		2		6

	сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттерін және топпен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту. Балалардың физикалық белсенділігі: - таңертенгі жаттығу; - сергіту сәттері; - еркін ойын; - серуен; - қимылды ойындар, ұлттық ойындар; - сауықтыру-шынықтыру шаралары; - мәдени-гигиеналық дағдылар.							
3.2	Коммуникативтік дағдыларды дамыту Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыру, балалар көркем әдебиет арқылы Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру, ауызекі байланыстырып сөйлеу, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді. Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету: - сюжетті-рөлдік ойындар; - театрландырылған ойындар; - балаларға кітап оқып беру; - мобильді кітапхана.	1		3		2		6
3.3	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Сенсорлық эталондар, қарапайым математикалық ұғымдар мен түсініктер туралы түсініктерді қалыптастыру; сындарлы іс-әрекет тәсілдерін игеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу, ұлттық мәдениетті құрметтеу жөніндегі міндеттерді шешу. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету. Балалармен бақылаулар (ауа райы, өсімдіктер, жануарлар), қарапайым тәжірибелер, танымдық, зерттеу, еңбек әрекеттерін ұйымдастыру, қоршаған ортамен таныстыру.	1		3		2		6
3.4	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу үшін	1		3		3		7

	шығармашылық қиялды, эмоционалды-сезімтал саланы, дүниетанымды, ойлауды, көркемдік-эстетикалық талғамды дамытуға жағдай жасау. Балалардың шығармашылық дағдылары мен тегу қызметін дамыту бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.							
3.5.	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды әлеуметтендіру жөніндегі міндеттерді шешу, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, отбасы, қоғам және мемлекет дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бойынша педагогтерге әдістемелік көмек көрсету.	1		3		2		6
4	Мектепке дейінгі ұйымның отбасымен өзара ынтымақтастығы	2		5			2	9
4.1	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу –білім беру процесіне ата-аналарды тарту: - ата-аналармен бірге мерекелерді, ойын-сауықтарды өткізу; - спорттық шаралар; - мектепке дейінгі ұйымның заттық-дамытушы ортасын құруға баулу.			2				3
4.2	Ата-аналар институты жұмысын ұйымдастыру: - «Ата-аналар мектебі», «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі»; - балаларды тәрбиелеу мен дамыту бойынша кеңес беру; - ата-аналармен жұмыс бойынша мектепке дейінгі ұйым сайтының жұмысын жандандыру.	1		3			2	6
5	Вариативтік мазмұн		2					2
5.1	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасын тиімді іске асыру: - заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру; - тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру; - әдістемелік жұмысты ұйымдастыру; - тәрбиелеу –білім беру процесіне ата-аналарды тарту.		1					1
5.2	Тыңдаушылардың курс барысындағы мәселелерін талқылау және шешу.		1					1
6	Қорытынды аттестация							
6.1	Тестілеу.		1					1
6.2	Жоба қорғау.						3	3
	Барлығы	19	4	31		15	3	72

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау

Әдіскерлер мен педагогтердің оқу нәтижелерін бағалаудың екі түрі болады: формативті және жиынтық бағалау.

Әдіскерлер мен педагогтердің оқу жетістіктерін қалыптастырушы бағалау сапалы кері байланыс арқылы оқытушының күнделікті теориялық және практикалық сабақтары барысында жүргізіледі. Оқыту тиімді ұйымдастыру шеңберінде әдіскерлер мен педагогтер курста тыңдаушылар арасында жеке тәжірибемен алмасу, білімдері мен дағдыларымен алмасу, жұптық және топтық жұмысты ұйымдастыру негізінде бірлескен орта құру көзделген.

Оқу жетістіктерін орындау бойынша әдіскерлер мен педагогтердің білімін формативті бағалау балдарды бес балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «өте жақсы»: 9-10 балл, (85-100%);
- 2) «жақсы»: 7-8 ұпай, (75-84%);
- 3) «қанағаттанарлық»: 5-6 балл, (50-74%).

Әдіскерлер мен педагогтерді қорытынды бағалау барлық теориялық сабақтар бойынша және таңдалған модуль бойынша жобаны қорғау нысанында тестілеу болады.

Қорытынды тестілеу

№	Модульдердің атауы	Сағат саны	Сұрақтар саны
1	1-Модуль. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары.	14	10
2	2-Модуль. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру.	12	10
3	3-Модуль. Балалардың түрлі әрекеттері арқылы тәрбиленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту.	31	15
4	4-Модуль. Мектепке дейінгі ұйымның отбасымен өзара ынтымақтастығы.	9	5
	Тестілеу уақыты мен тест тапсырмаларының саны	1 сағат	40

Ұпайларды бағаға ауыстыру шкаласы

баға	орындалған % диапазон	ұпай
5	90%-100%	29-35
4	75-89%	23-28
3	50-74%	15-22
2	50%-дан аз	20 ұпайдан аз

Жоба құрылымы

4-5 педагогтен тұратын топ бір жоба тақырыбы бойынша жұмыс жасайды.

Әрбір топ өз жобасын әзірлейді.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

1) Титулдық бет (ұйымның атауы, әзірлеушінің(лер) толық атауы, жылы, қаласы көрсетіледі).

2) Мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

3) Кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздеу, жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, тұжырымдау және негізгі мәселенің қысқаша сипаттамасы беріледі).

4) Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе ашылады; дереккөздердің материалдары мен қолданыстағы тиімді тәжірибе негізінде жоба идеясы белгіленеді; жобаны іске асыру кезеңдері жоспарланады; жобаны бағалау критерийлері, көрсеткіштері және оның болашақтағы дамытушылық, жаттықтыру, қалыптастырушы әсері анықталады).

5) Қорытынды (жобаның тәуекелдері белгіленеді, жалпыланған қорытындылар жасалады немесе жобаны пайдалану бойынша практикалық ұсыныстар беріледі).

6) Қолданылған әдебиеттер тізімі.

7) Қосымша (қажеттілігіне орай)

8) Слайдтармен презентация

Жобаны бағалау критерийлері

1) жобаның негіздемесі;

2) жобалық идеяның креативтілігі;

3) жобаны іске асыру жоспары;

4) алған білімдерін көрсету;

5) әлеуетті өнімділік.

Жобаны бағалау парағы

	Критерии	Ұпайлар	Пікірлер
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау		
2	Қойылған мәселелердің, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі		
3	Жобада инновациялық тәсілдерді қолдану, жаңашылдық		
4	Жобаны жүзеге асыру кезеңдерін құрылымдау, логика, жүйелілік, толықтық		
5	Жобаны жүзеге асыру перспективалары		
	Ұпай саны		

Жоба жұмыс презентациясы келесі критерийлер арқылы бағаланады:

0 балл – орындалмаған;

1 ұпай – жартылай орындалды;

2 ұпай – толық орындалды.

Жоба бойынша ең көп ұпай саны – 10 балл.

Ұпай сандары дәстүрлі бағалау нормаларына ауыстырылуы:

5 бағасы «өте жақсы»: 47-50 балл, (90-100%);

4 бағасы «жақсы»: 36 - 47балл, (74-89%);

3 бағасы «қанағаттанарлық»: 25-36 балл, (50-73%);

9. Курстан кейінгі қолдау

Біліктілікті арттыру процесінде алған білімдер мен дағдыларды педагогикалық тәжірибеде қолдану педагогтер мен әдіскерлерге әдістемелік қолдауды қажет етеді.

Педагогтер мен әдіскерлердің педагогикалық жұмысын курстан кейінгі тренерлердің қолдауы арқылы жүзеге асады. Бұл қолдау түрлі байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылады: «Балаларды ерте дамыту институтының» сайты, электрондық пошта, әлеуметтік желілердің мессенджерлері (Facebook, WhatsApp), Google қызметтері (Duo, Hangouts).

1. Курстан кейінгі қолдаудың формалары мен тәсілдері:

1.1 курс пәні бойынша электронды материалдар (оқу-әдістемелік құралдар, анықтамалық материалдар, интернет көздеріне сілтемелер, *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ <http://irrd.kz> сайтына орналастырылады*).

2. Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру шеңберінде кәсіптік даму траекториясын іске асыру үшін:

2.1. педагогикалық кейс құру;

2.2. педагогтердің *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» ұйымдастыратын республикалық конкурстарға қатысуы (ұсынылған конкурс Ережелері Институттың <http://irrd.kz> сайтында орналастырылған)*:

- 1) Наурыз-Мейрам мерекесіне арналған «Шымырлық пен шеберлік күні»;
- 2) Халықаралық әйелдер күніне арналған «Анам, әжем және мен» отбасылық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу конкурсы;
- 3) Республикалық «Мен зерттеушімін» балалар байқауы;
- 4) Республикалық «Өнерлі бала» балалар шығармашылығы байқауы;
- 5) Қазақстан халықтарының тілдері күніне арналған «Ана тілім – айбыным» шығармашылық байқауы;
- 6) Республика күніне арналған «Ән шырқайық бәріміз» патриоттық ән байқауы;
- 7) «Қызыққа толы сәттер» жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру кезіндегі фото, бейнероликтер байқауы;
- 8) Кітап бұрышын ұйымдастыруға арналған «Балаларға базарлық» байқауы;
- 9) «Әкем – асқар тауым».

2.3. курс тақырыбы бойынша «Дана бала» республикалық ғылыми-ақпараттық әдістемелік журналында педагогтер мен әдіскерлердің мақалаларын жариялау.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (24.11.2021 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен).

2. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI Заңы (03.05.2022 ж. өзгерістер мен толықтырулармен).

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 бұйрығы);

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР ОАМ 03.08.2022ж. №348 бұйрығы);

5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР ОАМ 09.09.2022ж. №394 бұйрығы);

6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР ОАМ 14.10.2022ж. №422 бұйрығы);

7. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары (ҚР ОАМ 07.06.2022ж. №265 бұйрығы);

8. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары (ҚР ОАМ 27.08.2022ж. №381 бұйрығы);

9. Тәрбиешілердің міндетті құжаттардың тізбесі (ҚР ОАМ №382 бұйрығы 27.08.2022ж);

10. Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық (ҚР БҒМ №292 бұйрығы 23.06.2022ж);

11. Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР БҒМ №385 бұйрығы 31.08.2022ж);

12. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидалары. ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 ж. №157// бұйрығы.

13. Мектепке дейінгі жастағы балалар мен бастауыш сынып оқушыларына білім берудегі ойын технологиялары. Әдістемелік құрал. ФГОС. – М.: Кнорус, 2018ж. – 112-б.

14. Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жобалау / құраст. Ибрагимова Г. К. - Қарағанды, 2019 – 32-б.

Қосымша әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Балаларды ерте дамыту институты» РММ <http://irrd.kz/>.
2. Мектепке дейінгі ұйымдардағы білім беру ортасының сапасын ECERS-3 шкаласын пайдалана отырып бағалау бойынша әдіскерлер мен педагогтарға арналған әдістемелік ұсынымдар, – Нұр-Сұлтан, 2022 – 37 б.
3. Кузгибекова Г. М. Инклюзивті білім: нақты тәжірибе, проблемалар, перспективалар" авторлар <http://ria.ru/spravka/>
4. «Reggio Emilia» Орта және қатынастар философиясы. <https://krugovaya.blogspot.com/2018/12/reggio-emilia.html>
5. Абдуллаева Е.А., Алиева Д. А. Директивалық емес сүйемелдеу жағдайында мектепке дейінгі жастағы балалардың еркін ойынын дамыту//Қазіргі мектепке дейінгі білім беру. – 2020. – №6 (102). – 32-46-б.
6. Белобрыкина О.А. Бала ойыннан тыс: қазіргі балалық шақтағы ойын әрекеттерін өзгерту//Қазіргі мектепке дейінгі білім беру. – 2021. – №3 (105). – 24-32-б.
7. Сингер Э., де Хаан Д. Ойнау, таңдану, тану. Балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту теориясы – М.: МОЗАИКА-СИНТЕЗ, 2019. – 312-б.